

Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлығы туралы Ереже мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім саласындағы мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитет туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 7 қазан N 834. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.05.25. N 477 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Осыған қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлығы туралы Ереже мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Жанындағы Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитет туралы Ереже бекітілсін және олар 1993 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізілсін.

(2-баптың күші жойылды деп есептелсін. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылдың 21 қаңтардағы N 54 қаулысы бойынша)

3. Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлықтарын алу үшін ұсынылған жұмыстарды қарау Ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтар туралы және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитет туралы қолданылып жүрген қаулылар мен ережелерге сәйкес жүргізілсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімдерінің осыған қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 7 қазандағы

№ 834 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және
білім саласындағы Мемлекеттік сыйлығы туралы

Е р е ж е

1. Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлығы (бұдан былай "Мемлекеттік сыйлық" делінеді) Қазақстан Республикасының азаматтарына:

республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуын айтарлықтай жеделдетуге және қазақстандық ғылым мен техниканы әлемдегі озық жетістіктер деңгейіне жеткізген іргелі және қолданбалы зерттеулердің аса үздік нәтижелері үшін ;

мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламаларды жүзеге асырудағы аса жетістіктері үшін ;

техниканың, материалдар мен технологиялардың жаңа түрлерін таңдаулы әлемдік теңдестері деңгейінде және одан да жоғары деңгейде жасап, шығарылуын ұйымдастырғаны үшін ;

республика үшін жоғары білікті мамандар мен ғылыми кадрлар даярлауға қосқан зор үлесі үшін, жұртшылыққа кеңінен танылған және кемінде үш жыл бойы байқаудан өткен республиканың білім жүйесінің барлық сатыларына арналған таңдаулы оқулықтар мен оқу құралдары үшін беріледі.

Ескерту. 1-тармақтың бесінші абзацы толықтырылды - ҚРМҚ-нің 1995.10.31. № 1412 қаулысымен.

2. Мемлекеттік сыйлықтар Республика күніне орай екі жылда бір рет бес сыйлыққа дейін беріледі. Мемлекеттік сыйлықтың ақша мөлшерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті сыйлықтар берілетін жылы белгілейді.

3. Мемлекеттік сыйлық алу үшін ұсынылған ғылыми еңбектер жариялануы тиіс, оқулықтар мен оқу құралдары республиканың білім жүйесінде кеңінен сыннан өтіп, ал техниканың, материалдар мен технологиялардың жаңа түрлері өндірісте игерілуі қажет.

4. Мемлекеттік сыйлық алу үшін жұмыстар ұсынуды Қазақстан Республикасы ғылым академияларының төралқалары, министрліктер мен ведомстволардың алқалары, республиканың ғылыми және оқу орындарының,

концерндер мен бірлестіктердің, кәсіпорындар мен қоғамдық ұйымдарының ғылымдық, ғылыми-техникалық, ғылыми кеңестері мен басқа да алқалық органдары жүргізеді. Жұмыстарды Мемлекеттік сыйлыққа ұсыну туралы шешім ашық дауыспен жай көпшілік дауыс пен қабылданады.

Үміткерлер ұжымына кандидаттарды іріктеу-ұсынылған жұмыс орындалған кәсіпорын, оқу орны немесе ұйымның алқалық органының мәжілісінде олардың қосқан үлесіне берілген баға ескеріліп, жасырын дауысқа салу арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік сыйлыққа екі немесе одан да көп жұмыс бойынша бір кандидат ұсынылды.

Үміткерлер ұжымына адамдарды тек лауазымына қарай қосуға жол берілмейді.

Қазақстан республикасы мемлекеттік сыйлығының иесі жаңа ірі жетістіктерге қол жеткізген жағдайда сыйлық оған бұл аталған сыйлық берілгеннен кейін кемінде бес жыл өткен соң ғана тапсырылуы мүмкін.

Ескерту. 4-тармақтың 1 абзацына өзгеріс енгізілді және жаңа абзацтармен толықтырылды - ҚРМҚ-нің 1995.10.31.

N 1412 қаулысымен.

5. Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған ұжым 8 адамнан аспауы тиіс.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРМҚ-нің 1995.10.31.

N 1412 қаулысымен.

6. Мемлекеттік сыйлықтар алу үшін ұсынылған жұмыстарды Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ғылыми, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитет (бұдан былай "Комитет" делінеді) сыйлық берілетін жылғы 1 ақпанына дейін қабылдайды.

Сыйлыққа ұсынылған жұмыстарға құжаттарды ресімдеу тәртібі Комитет төралқасы бекіткен нұсқамамен белгіленеді.

Мемлекеттік сыйлықтарға ұсынылған жұмыстарды қабылдау туралы Комитет бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлайды.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМҚ-нің 1995.10.31.

N 1412 қаулысымен.

7. Мемлекеттік сыйлықтар алуға ұсынылған жұмыстарды Комитет екі кезеңде қарайды.

Бірінші кезеңде жұмыстарды алдын-ала іріктеп алуды Комитеттің төралқасы жүзеге асырады. Алдын-ала іріктеуден өткен жұмыстар тізімін қараудың екінші кезеңіне дейін кемінде бір ай бұрын авторлар мен осы жұмыстарды ұсынған ұйымдарды көрсете отырып кеңінен талқылау үшін Комитет республикалық газеттерде жариялайды.

Қараудың екінші кезеңінде Комитет Мемлекеттік сыйлықтар беру туралы

ш е ш і м д е р

қ а б ы л д а й д ы .

8. Мемлекеттік сыйлықтар беру туралы Комитеттің шешімдері сыйлықтар берілетін жылғы 15-қыркүйегіне дейін қабылданып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсынылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.10.31.

№ 1412 қаулысымен.

9. Комитеттің Мемлекеттік сыйлықтар беру туралы шешімдері Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткеннен кейін күшіне еніп, Республика күніне орай баспасөзде жарияланады.

10. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтарына ие болған адамдарға "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иесі" атағы беріліп, диплом, құрмет белгісі және куәлік тапсырылсын.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1995.10.31.

№ 1412 қаулысымен.

11. Авторлар ұжымына Мемлекеттік сыйлықтар берілген кезде сыйлықтың ақшалай бөлегі олардың арасында тең бөлінеді.

12. Қайтыс болған немесе өлгеннен кейін наградталған Мемлекеттік сыйлық лауреатының дипломы мен құрметті белгісі оның отбасына қалдырылады немесе беріледі. Мемлекеттік сыйлықтың ақшалай бөлегі республиканың азаматтық заңдарында көзделген тәртіппен мұрагерлеріне беріледі.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 7 қазандағы

№ 834 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті
жанындағы Қазақстан Республикасының Ғылым,
техника және білім саласындағы Мемлекеттік
сыйлықтары жөніндегі комитеті туралы

Е р е ж е

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитет (бұдан былай "Комитет" делінеді) мемлекеттік-қоғамдық ұйым болып табылады ол республика ғылым академияларының, министрліктерінің, ведомстволарының, ғылыми ұйымдарының, оқу орындары мен кәсіпорындарының ұсыныстары бойынша

көрнекті ғалымдардан, педагогтардан, ірі мамандардан құралады.

Комитет пен оның төралқасының дербес құрамын Министрлер Кабинеті 4 жылдық мерзімге одан әрі тізімдік құрамының кемінде жартысын жаңартуды к ө з д е п б е к і т е д і .

2

Ескерту. 2-тармақ күшін жойған - ҚРМК-нің 1995.10.31.

№ 1412 қаулысымен.

3. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

Мемлекеттік сыйлықтарды алу үшін ұсынылған жұмыстарды қабылдайды ж ә н е қ а р а й д ы ;

Мемлекеттік сыйлықтарды алу үшін ұсынылған жұмыстарды алдын-ала іріктеуді жүзеге асырады және бұл жұмыстарды кең көлемде жұртшылық талқысына салу үшін тізімін республикалық газеттерде жариялайды;

Мемлекеттік сыйлықтарға ұсынылған жұмыстарға түскен ұсыныстарға, ескертпелер мен пікірлерге талдау жасайды;

Мемлекеттік сыйлықтар беру туралы шешімдер қабылдап, оларды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бекітуге ұсынады;

Мемлекеттік сыйлықтар лауреаттарының дипломдарын, куәліктерін және құрметті белгілерін ресімдейді, Мемлекеттік сыйлықтардың ақша жағын л а у р е а т т а р ғ а т ө л е й д і ;

Мемлекеттік сыйлықтар лауреаттарының шығармашылық тәжірибесі мен жетістіктерін бұқаралық ақпарат құралдарының таратуына жәрдемдеседі.

4 . К о м и т е т к е :

Мемлекеттік сыйлықтар алуға ұсынылған жұмыстарды алдын-ала қарау үшін секциялар, тұрақты немесе уақытша сарапшылар комиссияларын құру. Секциялар мен сарапшылар комиссияларының жұмыс тәртібі Комитет төралқасы бекіткен ережелермен белгіленеді;

Мемлекеттік сыйлықтар алуға ұсынылған жұмыстарды сарапшылық жолымен қарау үшін тиісті саланың ғылыми және басқа да ұйымдарына жіберуге ;

Мемлекеттік сыйлықтар алуға ұсынылған жұмыстарды рецензиялау үшін көрнекті ғалымдар мен халық шаруашылығының ірі мамандарын тартуға;

Мемлекеттік сыйлықтар алуға түскен жұмыстарды ұсыну мен сарапшылық қараудың белгіленген тәртібін сақтауға бақылау жасауға;

қаралып жатқан жұмыстардың нәтижелерімен және жергілікті жерде танысу үшін Комитет мүшелерін, сарапшыларды жіберуге;

Мемлекеттік сыйлықтар алуға ұсынылған жұмыстарға сараптау жүргізу мен рецензиялауға байланысты жұмысқа ақы, сондай-ақ Комитет мүшелері мен осыған тартылған сарапшыларға іссапар шығындарын төлеуге хұқық беріледі.

Ескерту. 4-тармақтың 2,6 абзацтарына өзгеріс енгізілді -
ҚРМК-нің 1995.10.31. N 1412 қаулысымен.

5

Ескерту. 5-тармақ күшін жойды - ҚРМК-нің 1995.10.31. N 1412
қаулысымен.

6. Комитет жұмысына төраға басқарған төралқа басшылық етеді.

Жұмыстарды алдын-ала іріктеу туралы шешімдерді Комитет төралқасы ашық дауыс беру арқылы кәдімгі көпшілік дауыспен қабылдайды.

Олардың тізімдік құрамының кемінде 2/3-і қатысса, комитеттің және оның төралқасының мәжілістері құқықты болып саналады.

Шетелдік іссапарда жүрген, сондай-ақ денсаулығының жай-күйіне және басқа айрықша жағдайлар олардың мәжіліске қатысуына және дауыс беруіне мүмкіндік бермейтін мүшелері комитеттің тізімдік құрамына енгізілмейді.

Мемлекеттік сыйлықтарды беру туралы шешімді Комитет жасырын дауыспен, "құпия" белгілі жұмыстар бойынша - Комитет төралқасы жасырын дауыспен қабылдайды.

Жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге барлық іріктелген жұмыстар қосылып, дауысқа салу жүргізіледі. Мемлекеттік сыйлық берілмек жұмыс мәжіліске қатысқандардың дауыс санының кемінде 3/4 жинауы тиіс. Қайта дауысқа салуға жол берілмейді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа абзацтармен толықтырылды - ҚРМК-нің
1995.10.31. N 1412 қаулысымен.

7. Комитет мүшелерінің жұмыстары Мемлекеттік сыйлықтар алуға ұсынылған жағдайда соңғылары Комитеттің жұмысына қатыспайды.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.10.31.
N 1412 қаулысымен.

8. Комитет өз қызметін Комитеттің жауапты хатшысы басқаратын аппараттың көмегімен, республикалық бюджеттен ғылымға осы мақсат үшін бөлінген қаржы шегінде жүзеге асырады.

Комитет аппараты қызметкерлерінің штаттық санын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

9. Комитеттің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 7 қазандағы

Бекітілген

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті

жанындағы Қазақстан Республикасының Ғылым,
техника және білім саласындағы Мемлекеттік
сыйлықтары жөніндегі Комитет аппараты
қызметкерлерінің лауазымдық окладтарының

Схемасы

-----!	
Лауазымдар атауы	! Айлық лауазымдық окладтары
!	(сом есебімен)

Жауапты хатшы	4000
Аға сарапшы	3700
Сарапшы	2900
Инспектор	2000